

**8D10101 «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы  
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне ұсынылған Таушанова  
Майя Карибаевнаның «Глаукомамен ауыратын науқастарды  
медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсетеу деңгейінде  
динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы  
диссертациялық жұмысына**

**ПІКІР**

Таушанова Майя Карибаевна өзінің ғылыми-зерттеу жұмысын Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университетінде базасында жоғары деңгейде орындады. Докторантуралық барысында ол халықаралық тәжірибелі, медициналық деректерді терең талдай алатын, ғылыми мәселелерге шығармашылықпен қарай білетін зерттеуші ретінде танылды. Ғылыми жұмысты ұйымдастыруды жоғары жауапкершілік танытып, керемет коммуникативтік қабілеттерін көрсетті.

Докторант М.К. Таушанова докторантурада оқып жүрген кезінде мақсатқа үмтүлған және бастамашыл зерттеуші ретінде танылды. Оқу барысында ол бағдарламаны толық менгеріп қана қоймай, қоғамдық денсаулық сақтаудың теориялық және практикалық аспектілерін сәтті игеріп, жоғары деңгейдегі кәсіби дайындықты көрсетті. Докторант өзекті ғылыми жетістіктерді игеріп қана қоймай, оларды өз жұмысында дербес колдана алатын зерттеуші ретінде танылды. Оның глаукома саласындағы зерттеуі өте өзекті, себебі ғылыми-зерттеу жұмысы науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде динамикалық бақылау мәселелерін шешуге бағытталған.

М.К. Таушанова диссертация жазу процесінде терең аналитикалық көзқарас көрсетті. Ол отандық және шетелдік әдебиеттерді жан-жақты өз бетінше зерттеп, зерттеудің нақты мақсаттары мен міндеттерін айқындауға мүмкіндік берді. Ғылыми жұмыс мұқият түрде ұйымдастырылып, біріншілік деректерді жинаудан бастап, деректер базасын құру мен алынған мәліметтерді талдауға арналған әртүрлі статистикалық әдістерді колдануға дейін жүзеге асырылды.

Зерттеу жұмысында докторант статистикалық және эпидемиологиялық әдістерді колдануға ерекше назар аударды. Жұмыс барысында ол R Studio бағдарламалық жасақтамасын пайдаланып, күрделі статистикалық есептеулер жүргізіп қана қоймай, түрлі графиктер құрастырып, трендтерді талдады. Бұл бағдарламалық жасақтама оның аналитикалық жұмысында маңызды рөл аткарып, Манн-Уитни тестін екі топты салыстыру үшін, Краскел-Уоллис тестін және Данн post hoc тестін үш және одан да көп топтар арасындағы айырмашылықтарды талдау үшін, Уилкоксон тестін сандық айнымалылардың динамикасын бағалау үшін, МакНемара және МакНемара-Боукер тесттерін бинарлы және порядкалық көрсеткіштердің динамикасын талдау үшін, сондай-ақ  $\chi^2$  тесті мен Пирсонның дәл тестін және Фишердің дәл тестін категориялық деректерді талдау үшін қолдануға мүмкіндік берді.

Сонымен катар, докторант BiblioShiny бағдарламасын сәтті колдану аясында библиометриялық талдау жүргізіп, ғылыми жарияланымдар

желілерін құруға, сондай-ақ зерттелетін саладағы негізгі бағыттарды анықтауға мүмкіндік берді. Бұл бағдарламаны әдебиетке талдау жасау үшін пайдалануғының жұмыстың маңызды аспектілерін анықтауда үлкен рөл аткарды және зерттеу нәтижелеріне елеулі өз үлес қосты.

Статистикалық деректерді өндеуден басқа, М.К. Таушанова Ақтөбе облысындағы офтальмологтар арасында кең ауқымды сауалнама жүргізіп, облыстың барлық мамандарын қамтыды. Бұл динамикалық бақылаудағы глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық –санитариялық алғашқы көмек деңгейінде бақылау мәселелері туралы бірегей деректер алуға мүмкіндік берді, сондай-ақ диагноз қою мен емдеудің сапасы мен колжетімділігін жақсартуға қажеттіліктерді аныктады.

Зерттеудің соңғы кезеңінде докторант барлық жиналған деректерді өздігінен статистикалық өндеп, алынған нәтижелерді талдап, көрнекі графиктер құрастырып, ең бастысы, еліміздегі деңсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін қолдануға болатын практикалық ұсыныстарды жасады.

«Глаукомамен ауыратын науқастарды медициналық-санитариялық алғашқы көмек деңгейінде динамикалық бақылау жүйесін жетілдіру» докторлық диссертация жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін қорғауға ұсынылған диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес келеді және докторант М.К. Таушанована 8D10101 «Қоғамдық деңсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынамын.

**Ғылыми кеңесші:**

**С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ**

**«Биостатистика және ғылыми  
зерттеу негіздері»**

**кафедрасының доценті, PhD**

**Байсугурова В.Ю.**

